

Паспорт бланкасы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 14 шілде 1993 ж. N 283-ө

1. Паспорттардың бланкілерін жасау мен тасымалдаудың одан әрі қымбаттай түсуіне байланысты 1993 жылғы 1 тамыздан бастап берілетін паспорт үшін азаматтардан алынатын төлем 350 сом мөлшерінде белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісімі бойынша берілетін паспорт үшін азаматтардан алынатын төлемді паспорт бланкілерін жасауға, тасымалдауға және оларды беруге дайындауға байланысты шығыстарға сәйкес өздігінен белгілеу құқы берілсін.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 1993 жылғы 23 ақпандағы N 44 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

Премьер-министр